

**Банктердің пруденциалдық нормативтерді және активтер мен шартты міндеттемелерді жіктеу туралы мәліметтерді (провизияларды қалыптастыру) орындау жөніндегі есебін жариялау нысандары мен мерзімдері туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 11 желтоқсандағы N 288 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 16 қаңтардағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4511 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 26 қаңтардағы N 16 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.01.26 N 16 Қаулысымен.

----- Қаулыдан үзінді -----

Нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Агенттік Басқармасының мынадай қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) "Банктердің пруденциалдық нормативтерді және активтер мен шартты міндеттемелерді жіктеу туралы мәліметтерді (провизияларды қалыптастыру) орындау жөніндегі есебін жариялау нысандары мен мерзімдері туралы" 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 288 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4511 тіркелген);

2) ...

2. Осы қаулы қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

3 . . . . .

4. ...

Төрайым

Е. Бахмутова

"Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 55-бабына сәйкес (бұдан әрі - Заң) Қазақстан Республикасы Қаржы

нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Екінші деңгейдегі банктер:

1) есепті жылдан кейінгі жылдың 1-мамырына дейінгі мерзімде осы қаулының 1, 2-қосымшасына тиісті аудиторлық ұйыммен расталған Заңның 19-бабының 4-тармағының талаптарына сәйкес банктің пруденциалдық нормативтерді және банк бойынша активтер мен шартты міндеттемелерді жіктеу туралы мәліметтерді (провизияларын қалыптастыру) орындау жөніндегі есебін жарияласын;

2) Агенттікке есепті жылдан кейінгі жылдың 15-мамырына дейінгі мерзімде осы тармақтың 1) тармақшасын орындау туралы мәліметтерді ұсынсын.

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

1-1. Екінші деңгейдегі банктер:

1) 2007 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде 2006 жылға осы қаулының 1, 2 қосымшасына сәйкес, Заңның 19-бабының 4-тармағының талаптарына сәйкес келетін аудиторлық ұйыммен расталған банктің пруденциалдық нормативтерді орындағаны туралы есебін және банк бойынша активтер мен шартты міндеттемелерді (провизияларды қалыптастыру) жіктеу туралы мәліметтерді жарияласын;

2) Агенттікке 2007 жылғы 15 шілдеге дейінгі мерзімде осы тармақтың 1) тармақшасын орындағаны туралы мәліметтерді ұсынсын.

**Ескерту. 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.03.30. N 91 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

4. Стратегия және талдау департаменті (Еденбаев Е.С.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне,»"Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне, екінші деңгейдегі банктерге мәлімет үшін жіберсін.

5. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары  
 Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін  
 Төраға

Қазақстан Республикасы Қаржы  
 нарығын және қаржы ұйымдарын  
 реттеу мен қадағалау агенттігі  
 Басқармасының 2006 жылғы  
 11 желтоқсандағы N 288

қаулысының 1-қосымшасы

(банктің қысқаша атауы)

**200\_\_ жылғы»\_\_»\_\_\_\_\_ пруденциалдық  
 нормативтерді орындау туралы есебі**

№№	Атауы	Мәні	Нормативі
1	2	3	4
1	Меншікті капитал (мың теңге)		X
2	Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k1)		
3	Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k2)		
4	Банкпен айрықша байланысы жоқ бір заемшының барынша жоғары тәуекел мөлшерінің коэффициенті - (k3')		
5	Банкпен айрықша байланысы бар бір заемшының (заемшылар тобының) барынша жоғары тәуекел мөлшерінің коэффициенті - (k3)		
6	Банкпен айрықша байланысы бар заемшылар бойынша тәуекел сомасының коэффициенті (Pо)		
7	Бланк кредиттің барынша жоғары мөлшерінің коэффициенті (Бк)		
8	Әр заемшының банктің меншікті капиталының 10 пайызынан асатын банк тәуекелдер мөлшерінің жиынтық сомасының коэффициенті (Pк)		
9	Ағымдағы өтімділік коэффициенті (k4)		
10	Қысқа мерзімді өтімділік коэффициенті (k5)		
11	Банк инвестицияларының жоғары мөлшерінің коэффициенті - (k6)		
12			

	Резидент еместердің алдында қойылатын қысқа мерзімді міндеттемелерінің жоғары лимитінің коэффициенті		
13	Ағымдағы валюта өтімділігінің коэффициенті (әр шетел валютасы бойынша)	X	
13.1	валюта түрі		
13.2			
13.n			
14	Қысқа мерзімді валюта өтімділігінің коэффициенті (әр шетел валютасы бойынша)	X	
14.1	валюта түрі		
14.2			
14.n			
15	Орта мерзімді валюта өтімділігінің коэффициенті (әр шетел валютасы бойынша)	X	
15.1	валюта түрі		
15.2			
15.n			
16	Ашық валюталық позиция лимитін орындау (Иә / Жоқ):		X
16.1	Standard & Poor's агенттігінің "А"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары және»Еуро" валютасы бойынша ашық валюталық позиция (ұзын және қысқа) лимиті (банктің меншікті капиталының %-ы)		
16.2	Standard&Poor's агенттігінің»"А"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары бойынша ашық валюталық позиция (ұзын және қысқа) лимиті (банктің меншікті капиталының %-ы)		
16.3	валюталық нетто-позиция лимиті (банктің меншікті капиталының %-ы)		

Басшы:

\_\_\_\_\_ (Фамилиясы, аты-жөні және қолы)

Бас бухгалтер:

\_\_\_\_\_ (Фамилиясы, аты-жөні және қолы)

Есепке қол қойған күні 200 \_\_ жылғы»\_\_» \_\_\_\_\_

Есеп \_\_\_\_\_ аудиторлық ұйыммен расталған (атауы)

Мөр орны

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын

реттеу мен қадағалау агенттігі  
Басқармасының 2006 жылғы  
11 желтоқсандағы N 288  
қаулысының 2-қосымшасы

(банктің қысқаша атауы)

**200\_\_ жылғы»\_\_»\_\_\_\_\_ жағдай бойынша  
активтер мен шартты міндеттемелерді жіктеу  
туралы мәліметтері**

**(провизияларды қалыптастыру)**

	Негізгі борыш	Нақты жасалған провизиялар сомасы
АКТИВТЕР МЕН ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ТОБЫ	1	2
1. Стандартты		
2. Күмәнді:		
1) күмәнді 1 санат - төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде		
2) күмәнді 2 санат - төлемдерді кешіктірген немесе толық емес төлеген кезде		
3) күмәнді 3 санат - төлемдерді уақтылы және толық төлеген кезде		
4) күмәнді 4 санат - төлемдерді кешіктірген немесе толық емес төлеген кезде		
5) күмәнді 5 санат		
3. Үмітсіздер		
Барлығы ( 1+ 2+3)		